

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының
төрағасы Асламбек Мерғалиев мырзаға

Қызылорда облыстық сотының төрағасы
Әділхады Жұмабайұлы Шығамбаев мырзаға

Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданының
Тұрғыны Жүмәділов Мақсат Исламұлынан

Қызылорда облыстық адвокаттар алқасы
Жаңақорған аудандық заң кеңсесінің адвокаты
Увайдаева Гульзира Турганбаевнадан

А Л Ғ Ы С.

07.03.2023 жылы Жаңақорған аудандық сотында әкімшілік іс қаралып, талап қоюшы М. Жүмәділовтың жауапкер округтік сайлау комиссиясына аудандық мәслихат депутаттығына кандидат ретінде тіркеу жайлы шешімінің күшін жойған, 28.02.2023 жылғы хаттамасын заңсыз деп танып, күшін жойып, әкімшілік сі қаралып, талап қоюымыз толығымен қанағаттандырылып әділ шешім шығарған.

Біздің талабымыз, ҚР ӘРПК-дегі дереу қаралатын істердің санатында болғандықтан, аз ғана берілген уақыттың ішінде қаралса да, мемлекеттік органдармен жеке азаматтар арасындағы дауды шешу барысында, қара қылды қақ жарып, өзінің сауаттылығымен, кеше ғана қолданысқа енген жаңа Кодекстің барлық қағидаттары мен құқықтық нормаларын жоғарғы деңгейде қолданып, әділ шешім шығарған, Жаңақорған аудандық сотының судьясы Әлия Бердібекқызы Түбекбаеваға, осындай әділ шешімді шығаруға, сот процессін дұрыс ұйымдастырып, сот отырысына уақытылы шақырып, сот актілері мен құжаттарды тараптарға уақытылы жіберіп, одан бөлек рухани байлық, адалдық, адамгершілік қасиеттерін өз бойына жинаған, сот отырысының хатшысы Бақытжан Асқарұлы Қалдыбаевтарға алғысымызды айтамыз!!!

11.03.2023 жылы Жаңақорған аудандық сотының бұл шешімім облыстық апелляциялық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасында да қаралып, «Заң - судьяның құралы, көздегені – әділдік» деген өз ұстанымын, әр істі қарау барысында үнемі жоғары қоятын, төрағалық етуші Ж. Оспанова мен судьялар К. Каниева және Е. Турбаев, шағымды қарау барысында, әкімшілік сот ісін жүргізудің барлық қағидаттары мен міндеттерін жоғары деңгейде ұстап, Жаңақорған аудандық сотының шешімім заңды әрі негізді деп нүктесін қойды!

Дереу қаралатын істер санатындағы екінші сатыдағы сот отырысы, бейнеконференц байланысы арқылы болғандықтан, осы байланысты жылдам әрі дұрыс қамтамасыз етіп, өз міндетіне мұқият қараған сот

жылдам әрі дұрыс қамтамасыз етіп, өз міндетіне мұқият қараған сот отырысының хатшысы Карбоз Қырмызы Бағымқызы да әділ шешімінің шығуына өз септігін тигізді!

Сайлау науқаны бойынша құқықтары сақталмай, біраз уақытын жоғалтып, әділдік іздеген талап қоюшының қуанышында шек жоқ!!!!

Облысымызда осындай қара қылды қақ жара отырып, әділ шешім қабылдайтын судьялардың болуы бізді қуантады, әрі біз Сіздерді мақтан тұтамыз!!!!

Құрметті Асламбек Амангелдіұлы!!!

Елімізде алғаш рет ашылып отырған әкімшілік соттардың осындай әділ шешімдері, қоғам мен азаматтардың арасында қалыпты бір форматтың , әкімшілік әділеттің қалыптасуына бірден –бір себебі деп есептейміз!!!

Қорыта келе, біз, Қызылорда облысы, Жаңақорған аудандық сотының судьясы Түбекбаева Алия Бердібекқызына, сот отырысының хатшысы Калдыбаев Бақытжан Асқарұлына, облыстық апелляциялық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Оспанова Жанат Әнуарқызына, судьялар Каниева Клараға, Турбаев Ермек Боранбайұлына және сот отырысының хатшысы Карбоз Қырмызы Бағымқызына жүрек жарды алғысымызды айта отырып, болашақта дендеріне саулық, отбастарына бақ – береке, еңбекте абырой тілейміз!!!

Ізгі ниетпен,

Жаңақорған ауданының тұрғыны:

М. Жүмәділов.

Сенімхат негізіндегі өкілі,

Адвокат:

Г.Т. Увайдаева